

Кокшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы
18 қыркүйек

13 – 18 қыркүйек аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

Апталық жоспарға сәйкес 13-18 қыркүйек аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.
2. Мектепшілік жоспарға сәйкес апта бойы жас мамандардың сабақтары бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, педагогикалық, психологиялық қолдау көрсетілді. Сабақтар әкімшілік және тәлімгерлер тарапынан бақыланды.
3. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
4. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
5. «Абай мектептері» желісі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті бойынша әртүрлі байқауларға қатысатын оқушылардың тізімі жасалды.
6. Мектепшілік бақылау жоспарының негізінде апта бойы элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курс сабақтарының оқытылуын қадағаланды.
7. Математика, физика, химия, биология пәндері бойынша Президенттік олимпиаданың мектепшілік кезеңі өтті. Олимпиадаға 16 оқушы қатысты, нәтижесінде 3 оқушы жүлдені орындарға иеленді және облыстық олимпиадаға қатысуға жолдама алды.
8. Озық педагогикалық іс-тәжірибесін жалпылайтын мұғалімдердің тізімін құрастырылып, бекітілді. «Кемеңгер» шығармашылық тобынан: Шалабаева А.Б., Қуспекова К.М. –математика пәнінің мұғалімдері, Ахат А.Д.- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. «Шабыт» шығармашылық тобынан: Маженова А.а.,биология пәні мұғалімі, Әдей Ж., Алпыспаева С.А.тарих пәні мұғалімдері, Даулеткалиева Т.Б.қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Барлығы 7 педагог.
9. Жалпы пәндер бойынша мектепшілік «Олимпиадалық резерв» мектебінің тізімін құрастырылды. «Олимпиадалық резерв» құрамына 9-11-сыныптарының 36 оқушысы кірді.
- 10.Пән мұғалімдері 2022-2023 оқу жылына оқушыларымен ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбын таңдады, әдебиеттерді зерттеу және ұсыну жұмыстарын жүргізді.